

Әкімдіктің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 541 "2012 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 181 қаулысы.
Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 мамырда № 9-18-167 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдігінің "2012 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 541 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-155 тіркелген, 2012 жылғы 19 қаңтарда "Шамшырақ" газетінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мына мазмұндағы 17) тармақшасымен толықтырылсын:

"17) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар."

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Бондаренко

КЕЛІСІЛДІ:

"Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы

Л. Өтешева

"Таран ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" ММ бастығы

В. Ересько